

Қарағанды көмір бассейнінің шахталарын жабу жөніндегі жұмыстарды жүргізу шаралары туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 14 шілдедегі N 666

Мүліктік кешенін "Арман" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жекешелендірген, бұрынғы Қазан төңкерісінің 50 жылдағы атындағы шахтада пайда болған төтенше қауіпті жағдайға байланысты Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті:

жекешелендіру жөніндегі Қарағанды аумақтық комитеті мен "Арман" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің арасында жасалған 1996 жылғы 18 қазандағы N 1780 Сатып алу-сату шартының талаптарын тараптардың орындалуына тексеру жүргізсін;

"Арман" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі көрсетілген шарттың талаптарын орындамаған жағдайда оны заңдарда белгіленген тәртіппен бұзсын.

1996 жылғы 18 қазандағы N 1780 Сатып алу-сату шарты бұзылған жағдайда: шахтаның таратылатын мүлкін сатудан түскен қаражаттың есебінен "Арман" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі N 1 шахтасының қызметкерлеріне жалақы және әлеуметтік төлемдер бойынша берешектерді өтеуді жүзеге асырсын;

шахтаның қалған мүлкін көмірдің запастарын консервациялау және шахтаны жабу жөніндегі жұмыстарды жүргізу үшін "Қарағандышахтатарату" республикалық мемлекеттік мамандандырылған кәсіпорнына берсін.

2. М ы н а л а р д ы ң :

"Қарағанды көмір бассейніндегі жабылатын шахталарда жою

жұмыстарын жүргізуді жеделдету жөніндегі қосымша шаралар туралы"

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 8 тамыздағы N 984

Р 9 6 0 9 8 4 _

қаулысының;

"Қарағанды көмір бассейні кәсіпорындарын қаржы-экономикалық сауықтыру жөніндегі қосымша шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 31 желтоқсандағы N 1715

Р 9 6 1 7 1 5 _

қаулысының

4-тармағының күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК